Аннотация. Хинолиновые и хиназолиновые алкалоиды представляют собой два важных класса ароматических гетероциклических соединений на основе азота. Структурные фрагменты этих соединений часто встречаются в природных продуктах и характеризуются выраженной биологической активностью. На протяжении последних 200 лет данные алкалоиды привлекали большое внимание исследователей по всему миру благодаря широкому спектру биологического действия, в частности, антимикробным, противовирусным, противоопухолевым, антиоксидантным и противовоспалительным свойствам. В современной фармацевтике они рассматриваются как перспективные структурные фрагменты, особенно для лечения инфекционных и воспалительных заболеваний. В связи с этим синтез новых производных этих соединений и исследование их биологической активности являются актуальными направлениями современной медицинской химии. **Результаты.** В ходе работы были синтезированы новые производные хинина, структура которых подтверждена с помощью ИК, УФ, ¹H ЯМР-спектроскопии и масс-спектрометрии. Среди полученных соединений изучены соединения (2), (3), (4), (5), проявляющие противовоспалительную активность. Алкалоидные производные 2-((S)-(4-(4-фторфенил)-1H-1,2,3-триазол-1-ил)(7-метоксинафтален-1-ил) метил)-5-винилхинуклидин, (1R,2S,4R,5R)-2-((R)-(4-(4-метоксифенил)-1H-1,2,3-триазол-1-ил)(6-метоксихинолин-4-ил) метил)-5-винилхинуклидин, 2-((R)-(6-метоксихинолин-4-ил)(4-фенил-1H-1,2,3-триазол-

1-ил) метил)-5- винилхинуклидин и (1R,2S,4R,5R)-2-((R)-(6-метоксихинолин-4-ил)(4-(пиридин-2-ил)-1H-1,2,3-триазол-1-ил) метил)-5- винилхинуклидин были получены с выходами 25,6%, 35,5%, 7,8% и 47% соответственно. В ходе исследования было установлено, что производные 2-((R)-(6-метоксихинолин-4-ил)(4-фенил-1H-1,2,3-триазол-1-ил) метил)-5- винилхинуклидин, 2-((S)-(4-(4-фторфенил)-1H-1,2,3-триазол-1-ил)(7-метокси-нафтален-1-ил) метил)-5-винилхинуклидин, (1R,2S,4R,5R)-2-((R)-(4-(4-метоксифенил)-1H-1,2,3-триазол-1-ил)(6-метоксихинолин-4-ил) метил)-5- винилхинуклидин и (1R,2S,4R,5R)-2-((R)-(4-(4-метоксифенил)-1H-1,2,3-триазол-1-ил)(6-метоксихинолин-4-ил) метил)-5-винилхинуклидин проявляют противовоспалительную активность, снижая количество воспалительного экссудата в брюшной полости крыс на 36,9%, 30,7% и 27,7% соответственно по сравнению с контрольным препаратом. Проведенные исследования показали, что синтезированные производные алкалоида хинина обладают противовоспалительной активностью. Таким образом, полученные результаты доказывают противовоспалительный потенциал данных соединений и обосновывают возможность их применения при разработке новых лекарственных средств.

Ключевые слова: производные хинина, синтез, алкалоид, противовоспалительная активность, биологическая активность

Эта работа была финансово поддержана Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (грант AP19674667, 2023–2025).

Kіріспе. Хинолин және хиназолин алкалоидтары, азот негізіндегі гетероциклді ароматты қосылыстардың екі маңызды класы. Соңғы 200 жыл ішінде кең ауқымды биологиялық белсенділіктері мен әртүрлі қолданылуына байланысты бүкіл әлем бойынша зерттеушілердің үлкен назарын аударды. (Shang, 2018). Хинин 19-шы ғасырда анықталғандықтан, олармен байланысты табиғи өнімдердің саны көбеюде (Shang Xiao-Fei, et al., 2018). Бұл қосылыстар мен олардың туындыларының көпшілігі ісікке қарсы, безгекке қарсы, паразитке қарсы және инсектицидтік, бактерияға қарсы және зеңге қарсы, кардиопротекторлық, вирусқа қарсы, қабынуға қарсы, антиоксиданттық және басқа әсерлер сияқты маңызды биологиялық белсенділікті көрсетеді (Jones, et al., 2015). Туындылардың көпшілігі бүгінде ауылшаруашылық өнімдері және фармацевтикалық препараттар ретінде қолданылады (Solary, et al., 2003).

Сонымен қатар, хинин «түнгі құрысу» деп аталатын (ұйқы кезінде аяқтың қайталанатын, ауырсынатын бұлшықет құрысуымен бірге жүретін қозғалыс бұзылулары) ауруды емдеу үшін қолданылады (Mohammadi, et al., 2023). Хининнің оң әсерлері алғашында Амазонияның байырғы тұрғындары тарапынан байқалған. Бұл агенттер қызуды төмендететін және ауырсынуды басатын қасиеттерге, сондай-ақ паразиттерге қарсы әсерге ие, сондықтан оларды жедел безгекті емдеуде пайдалы етеді (D'Acquarica, I., et al., 2023). Бұл агенттер сонымен қатар

түнгі аяқ құрысуын, жүрек аритмиясын және кейбір неврологиялық ауруларды емдеуде пайдалы. Батыс медицинасында хинин 100 жылдан астам уақыт бойы «барлық ауруларға қарсы дәрі» ретінде жиі қолданылып келеді. Бұл, шамасы, оның ауырсынуды басатын және қызуды төмендететін қасиеттерге ие сусындарға «ащы» дәм күшейткіші ретінде кеңінен қолданылуына байланысты болуы мүмкін, бұл хининді тағамдық қоспа немесе тіпті аспиринмен тең дәрежеде деп айтуға болады (Latarissa, et al., 2023; Остроумова, et al., 2019).

(Allotey-Babington, et al., 2020) жұмысында бұрқу арқылы кептіру процесін пайдаланып хинин сульфатының микрокапсуляциясы тиімді босату профилі бар микробөлшектерді алды. Микробөлшектердің бұл қасиеттері *in vitro* да, *in vivo* да (фармакокинетикасы мен тиімділігін зерттеу) көрсетілді. Сонымен қатар, хинин сульфатының микробөлшекті түрі қарапайым дәріге (ұнтақ түріндегі) қарағанда интерстициалды *L. donovani* жоюда тиімдірек болды. Ағымдағы зерттеуге сәйкес, хинин сульфатының микробөлшектері лейшманиозды (әсіресе висцеральды) емдеуде таңдаулы препарат ретінде потенциалды көрсетті. Хинин сульфаты лейшманиоздың ықтимал емі ретінде адам зерттеулерінде қосымша бағалануы керек. Хинин сульфатының пероральді биожетімділігі жоғары болғандықтан, микрокапсулирленген препаратты пероральді түрде қабылдау мүмкіндігіне әрі қарай зерттеулер жүргізу керектігін көрсетеді.

Ал, (Szonja Polett Pósa, et al., 2022) жұмысында хинин ингибиторы және 6 цинхонаның аналогтары кальцеин-АМ шығуын тежейтіні көрсетілген. Бір қызығы, хинин мен дидагидрохинин көп дәріге төзімді *Dx5* жасушаларына қатысты уыттылықтың аздап жоғарылағанын көрсетті. MDR жасуша сызығының коллатеральды сезімталдығы цинкона тиоскарамиді *Cu(II)* ацетатымен комплекстенуі болған кезде айқынырақ болды. Нәтижелерге сүйене отырып, цинхонаның туындылары дәрі-дәрмектің одан әрі дамуы үшін ісікке қарсы дәрі-дәрмектің жақсы үміткерлері болып табылады.

Сондай-ақ, бірнеше дәрі-дәрмекке үміткерлер арасында хлорохин (CQN) және гидроксихлорокин (H-CQN) қарқынды сынақтан өтт. H-CQN бастапқыда табиғи түрде кездесетін хинин затынан шыққан, орта ғасырлардан бері қолданылған және әртүрлі көрсеткіштер үшін реттеуші органдар бекіткен препарат. Бұл жұмыста хининнің SARS-CoV-2-ге қарсы белсенділігі бар деп болжанды. Vero жасушаларында хинин SARS-CoV-2 инфекциясын CQN және H-CQN-ге қарағанда тиімдірек тежеді және аз уытты болды. Адамның тоқ ішек эпителий жасушаларында Saco-2, сондай-ақ ACE2 және TMPRSS2 тұрақты экспрессиялайтын өкпе жасушаларының A549 желісінде хинин де вирусқа қарсы белсенділікті көрсетті. Vero жасушалары сияқты, хинин CQN және H-CQN-мен салыстырғанда A549-да аз уытты болды. Ақырында, зерттеу деректеріне сүйенсек, хининнің SARS-CoV-2 үшін емдеу нұсқасы болуы мүмкін екенін көрсетеді, өйткені токсикологиялық және фармакологиялық профиль оның туындылары H-CQN немесе CQN препараттарымен салыстырғанда қолайлырақ болып көрінеді (Große, et al., 2021; Taube, 2022; Huang, et al., 2020).

Сондықтан, жаңа медициналық препараттарды алуға бағытталған

алкалоидтарды қолдана отырып, синтездеудің ұтымды әдістерін жасау, хинин алкалоидының кейбір синтезделген туындыларының қабынуға қарсы белсенділігін зерттеудің маңызы зор (Mukusheva, et al., 2023).

Материалдар мен зерттеу әдістері. Хининнің жаңа туындыларының түзілуі жұқа қабатты хроматография әдісі арқылы «Sorbfil» пластиналарында, хлороформ-этанол (10:1) еріткіштер жүйесінде анықталды. УФ-спектрлері Agilent Technologies Cary 60 UV-Vis спектрофотометрінде, ұзындығы 3 см кварц кюветаларын қолданып, тіркелді. Еріткіш ретінде этанол қолданылды. Зерттелетін үлгілердің концентрациясы $c = 10^{-10}$ моль/л болды. Қосылыстардың ИҚ-спектрлері Infalum компаниясының FT-801 үлгісіндегі ИҚ-Фурье-спектрофотометрінде тіркелді. Үлгілер KBr-мен таблетка түрінде немесе жұқа қабат ретінде дайындалды.

^1H ЯМР спектрлері Bruker Avance 500 спектрометрінде (тиісінше 500 және 125 МГц) DMSO-*d*₆ және CDCl₃-те алынды. Қалдық еріткіш сигналдары [CDCl₃, δ H 7.26, δ C 77.2 мг/кг; DMSO-*d*₆, δ H 2.5, δ C 40.1 мг/кг] ішкі стандарт ретінде пайдаланылды.

Өлшемдер жоғары ажыратымдылықтағы Thermo Scientific DFS (Double Focusing System) масс-спектрометрінде (Thermo Electron Corp., АҚШ) орындалды. Жазу режимі иондаушы электрон энергиясы 70 эВ болатын электронды иондану болды және нақты массалық өлшемдер перфторкеросин (PFK) стандартының сызықтарына қатысты орындалды.

2-((*S*)-(4-(4-фторфенил)-1*H*-1,2,3-триазол-1-ил)(7-метоксинафтаден-1-ил) метил)-5-винилхинуклидин (**2**). Синтез әдістемесі: хинин азида (0.5 г, 0.0014 моль), 4-фторфенил ацетилен (0.0014 моль, 0.168 г), $\text{CuSO}_4 \cdot 5\text{H}_2\text{O}$ (0.00007 моль, 0.0175 г), натрий аскорбаты (0.00007 моль, 0.01386 г) және ДМФ (4 мл) қоспасын 75 °C-та 8.5 сағат араластырды. Келесі күні реакциялық массаны Петри табақшасына құйып, еріткішті бөлме температурасында ауада буландырды. Жаңа заттың түзілгені жұқа қабатты хроматография әдісі арқылы хлороформ-этанол (10:1) еріткіштер жүйесінде анықталды. Қалған затты хлороформда ерітіп, ротациялық буландырғышта буландырып, хлороформ: этанол (100:1) ерітіндісін пайдаланып, колонкалы хроматография арқылы тазартты. 128 мг ақшыл сары зат алынды.

(1*R*,2*S*,4*R*,5*R*)-2-((*R*)-(4-(4-метоксифенил)-1*H*-1,2,3-триазол-1-ил)(6-метоксихинолин-4-ил) метил)-5-винилхинуклидин (**3**). Хинин азида (0.55 г, 0.00157 моль (артығымен)), 4-метокси фенилацетилен (0.0014 моль, 0.185 г), $\text{CuSO}_4 \cdot 5\text{H}_2\text{O}$ (0.00007 моль, 0.0175 г), натрий аскорбаты (0.00007 моль, 0.01386 г) және ДМФ (4 мл) қоспасын 75 °C температурада 8 сағат бойы араластырылды. Реакциялық масса Петри табақшасында бөлме температурасында кептірілді. Қалған затты хлороформда ерітіп, ротациялық буландырғышта буландырып, хлороформ: этанол (100:1) ерітіндісін пайдаланып, колонкалы хроматография арқылы тазартылды. 195 мг сарғыш түсті ұнтақ зат алынды.

2-((*R*)-(6-метоксихинолин-4-ил)(4-фенил-1*H*-1,2,3-триазол-1-ил) метил)-5-винилхинуклидин (**4**). Синтез әдістемесі: хинин азида (0.50 г, 0.0014 моль), фенилацетилен (0.0014 моль, 0.143 г), $\text{CuSO}_4 \cdot 5\text{H}_2\text{O}$ (0.00007 моль, 0.0175 г),

натрий аскорбаты (0.00007 моль, 0.01386 г) және ДМФ (4 мл) қоспасын 75 °С-та 8 сағат араластырылды. Келесі күні реакциялық массаны Петри табақшасына құйып, еріткішті бөлме температурасында ауада буландырды. Алынған затты хлороформда ерітіп, колонкалы хроматография арқылы, хлороформ: этанол (100:1) ерітінді жүйесі арқылы тазартылды. 39 мг ақшыл-сарғыш түсті ұнтақ зат алынды.

(1*R*,2*S*,4*R*,5*R*)-2-((*R*)-(6-метоксихинолин-4-ил)(4-(пиридин-2-ил)-1*H*-1,2,3-триазол-1-ил) метил)-5-винилхинуклидин (**5**). Хинин азиды (0.55 г, 0.00157 моль), 2-этинилпиридин (0.0014 моль, 0.1444 г), $CuSO_4 \cdot 5H_2O$ (0.00007 моль, 0.0175 г), натрий аскорбаты (0.00007 моль, 0.01386 г) және ДМФ (4 мл) қоспасы 8 сағат бойы 75 °С температурада араластырылды. Келесі күні реакциялық массаны бөлме температурасында ауада буландырды. Алынған затты хлороформда ерітіп, колонкалы хроматография арқылы хлороформ: этанол (100:1) ерітінді жүйесі арқылы тазартылды. Нәтижесінде 259 мг ақшыл-сары түсті зат алынды.


Қабынуға қарсы белсенділік. Үлгілердің қабынуға қарсы белсенділігі референттік препарат ретінде салмағы 190-210 г екі жыныстағы ақ тұқымды егеуқұйрықтарда жедел экссудативті реакция (перитонит) үлгісінде зерттелді.

Жедел экссудативті реакция (перитонит) егеуқұйрықтардың 100 г дене салмағына 1 мл көлеміндегі сірке қышқылының 1% ерітіндісін құрсақ ішіне енгізуден туындаған. 3 сағаттан соң жануарларды қырып, құрсақ қуысын ашып, экссудатты жинап, көлемін бағалады (Р.У. Хабриев, et al., 2005). Зерттелетін объектілер крахмал шырышы түрінде 25 мг/кг мөлшерде ішке қабылдану арқылы зерттелді. Эталондық препарат ретінде диклофенак натрийдің жануарларға 8 мг/кг (ЕД) тиімді дозада асқазан ішіне бір рет енгізілді. Бақылау жануарлары крахмал шырышының эквикөлемді мөлшерін алды. Зерттелетін объектілері 1% сірке қышқылы ерітіндісін енгізуден 1 сағат бұрын бір рет енгізілді. Қабынуға қарсы белсенділік бақылау препараттарымен салыстырғанда тәжірибелік егеуқұйрықтардың құрсақ қуысындағы қабыну экссудат мөлшерінің пайыздық төмендеуімен көрсетілген.

Нәтижелерді статистикалық өңдеу «Statistica 6.0» бағдарламалық пакетін қолдану арқылы жүзеге асырылды. Алынған нәтижелер «орташа мәні $\leq$ орташа мәннің стандартты қатесі» ретінде берілген. Топаралық айырмашылықтар Mann-Whitney U-test параметрлік емес критерилері арқылы бағаланды. Айырмашылықтары $p < 0,05$ мәнінің деңгейіне жеткенде дұрыс деп саналды.

Нәтижелер және талқылаулар. Біз бұл жұмыста ең алдымен азид хининіне (**1**) 4-фторфенил ацетилен қалдығын қосып, 8 сағат 75°С температурасында $CuSO_4 \cdot 5H_2O$, натрий аскорбаты және ДМФ қатысуымен реакция жүргізілді. Синтез нәтижесінде балку температурасы 83-85°С болатын 2-((*S*)-(4-(4-фторфенил)-1*H*-1,2,3-триазол-1-ил)(7-метоксинафтаден-1-ил)метил)-5-винилхинуклидин (**2**) өнімі 25.6% шығыммен алынды (схема 1).

УК (EtOH $c=6 \cdot 10^{-5}$ М) λ_{max} (log ϵ) 205 (1.247), 239 (0.988), 338 (0.123); ИК (KBr), cm^{-1} : ν 2936, 2866, 2838 (C-H), 2100 (C $\equiv$ N), 1664 (C=O), 1620, 1592, 1562, 1508 (C=C), 1453, 1433.5 (CH₂), 1356.5, 1319.3, 1303 (C-N), 1247, 1232 (C-O), 1176, 1134, 1119, 1107, 995, 972 (C-H), 835, 792, 760 cm^{-1} ; МС, m/z (I_{rel} , %): **497 [M+H]⁺**.




1 – схема. 2-((S)-4-(4-фторфенил)-1H-1,2,3-триазол-1-ил)-(7-метоксинафтален-1-ил) метил)-(5- винилхинуклидиннің алынуы

^1H ЯМР (DMSO- d_6 , 500 МГц) спектріндегі 7,31 және 7,86 ppm шыңдары ароматты бензол сақиналарымен байланысты протондарға сәйкес келеді. Мұндай химиялық ығысулар алмастырылған бензолдарға тән, мұнда әртүрлі орынбасарлар сақинаның электрон тығыздығына әсер етеді. 7,01 ppm сигналы құрылымда нафталин ядросының бар екенін көрсетеді. Мұндай ығысулар екі жұптасқан ароматты сақиналары бар конъюгацияланған жүйені көрсетеді. Және де 5,03, 5,07 және 5,70 ppm сигналдары этилен фрагменттеріндегі қос байланыстармен (C=C) байланысты сутегілерге қатысты. 3,81 ppm шыңы метил тобына ($-\text{CH}_3$) байланысты, ол метокси тобындағы оттегі сияқты электртеріс топқа іргелес екені көрінеді. 7,63 ppm (CH) сигналы ароматты қосылыстарға тән триазол сақинасымен байланысқан протонға жатады. Триазол – әдетте осы диапазонда сигнал беретін азоты бар гетероциклді сақина. 2,7 ppm (CH) сигнал пиперидин сақинасының, азотпен қаныққан алты атомды сақинаның болуын көрсетеді.

Келесі синтезімізде азид хининіне (1) 4-метокси фенилацетиленді қосып, 8 сағат 75°C температурасында $\text{CuSO}_4 \cdot 5\text{H}_2\text{O}$, натрий аскорбаты және ДМФ қатысуымен реакция жүргізілді. Синтез нәтижесінде балқу температурасы $80-82^\circ\text{C}$ болатын (1R,2S,4R,5R)-2-((R)-4-(4-метоксифенил)-1H-1,2,3-триазол-1-ил) (6-метоксихинолин-4-ил)метил)-5- винилхинуклидин (3) өнімі 35.5% шығыммен алынды (схема 2).

УК (EtOH $c=6 \cdot 10^{-5}$ M) λ (log ϵ) 205 (1.019), 239 (0.715), 338 (0.107); ИҚ (KBr), cm^{-1} : 2956,5, 2868,6 (C-H), 1666 (C=O), 1621 (C=C), 1565, 1509 (ароматты жүйелерде C=C созылуы), 1474,9, 1435,2, 1391,9, 1391,9,-316,16. , 1268,6, 1232,5 (C-O), 1199, 1113, 1083,6, 1048, 1030, 985, 959 (C-H), 840, 801, 777, 758, 715, 673, 625, 611 cm^{-1} . МС, m/z (I_{rel} , %): 517 $[\text{M}+\text{H}]^+$.




2 – схема. (1R,2S,4R,5R)-2-((R)-4-(4-метоксифенил)-1H-1,2,3-триазол-1-ил) (6-метоксихинолин-4-ил) метил)-5- винилхинуклидиннің алынуы

^1H ЯМР (DMSO- d_6 , 500 МГц) спектріндегі (CH) 7,59 ppm протон сигналдары 1,2,3-триазолдың сақина жағдайына сәйкес келеді. Хиолин протондары ((CH) 8,67, 7,55, 7,45, 7,39, 7,86 ppm ығысулары) үшін химиялық ығысу хиолин үшін күтілетін ароматты аймаққа жатады. Пиперидин (CH және CH₂ сигналдары 2,7, 2,46, 2,11, 1,43 ppm), қаныққан алты мүшелі азоты бар сақина, оның протондарына тән ығысуларды көрсетеді. Азотқа қосылған CH және CH₂ топтары азоттың электрондарды тартып алу қасиетіне байланысты төмен өріс ығысуларына ие. Бензол протондары (CH сигналдары 7,55, 7,03 ppm) бензолдағы ароматты протондарға сәйкес ығысады.

Үшінші синтезімізде азид хининіне (1) фенилацетиленді қосып, 8 сағат 75°C температурасында $\text{CuSO}_4 \cdot 5\text{H}_2\text{O}$, натрий аскорбаты және ДМФ қатысуымен реакциялары жүргізілді. Синтез нәтижесінде балку температурасы 79-81 °C болатын 2-((R)-(6-метоксихиолин-4-ил) (4-фенил-1H-1,2,3-триазол-1-ил) метил)-5-винилхинуклидин (4) өнімі 7.8% шығыммен алынды (схема 3).

УК (EtOH $c=6 \cdot 10^{-5}$ M) λ (log ϵ) 213 (0.873), 239 (0.477), 326 (0.136); ИҚ (KBr), cm^{-1} : ν 2934, 2867 (C-H), 1666,5 (C=O), 1619, 1593, 1570 (C=C), 1472, 1454, 1431, 1421, 1356 (C-H), 1324, 1305, 2120 (C-O), 1132, 1083 (C-O), 995, 977 (C-H), 942, 918, 890, 833, 778, 768, 739, 715, 679, 653 cm^{-1} . МС, m/z (I_{rel} , %): 487 $[\text{M}+\text{H}]^+$.



3 – схема. 2-((R)-(6-метоксихиолин-4-ил) (4-фенил-1H-1,2,3-триазол-1-ил) метил)-5-винилхинуклидиннің алынуы


^1H ЯМР спектрінде CH 7,59 ppm сигналы 1,2,3-триазол сақинасымен байланысқан протонды білдіреді. CH 8,67 ppm шыңы хиолин сақинасымен байланысқан протонды сипаттайды. Нафталин бөліктеріне (C=C және O-C) жақын болуына байланысты шағын ығысулар конъюгациясы бар хош иісті құрылымның болуын растайды. CH 2,7 ppm протон, пиперидин сақинасының бөлігі. CH₂ 2,46; 2,215 ppm сигналдары пиперидиннің метилен топтарына қатысты. Көршілес қос байланыстармен әрекеттесу байқалады, ол C=C арқылы расталады. CH 7,55 ppm - хиолин сақинасындағы тағы бір протон. Бұл сигнал көрші нафталин фрагменттерінің өзіне тән ығысуларымен әсерін көрсетеді. 3,81 ppm күшті ығысу оттегінің (O-C) жанында орналасқан метил тобына байланысты. Бұл метокси тобының болуын көрсетеді.

Келесі жұмыста азид хининіне (1) этилпиперидин қосып, 8 сағат 75°C температурасында $\text{CuSO}_4 \cdot 5\text{H}_2\text{O}$, натрий аскорбаты және ДМФ қатысуымен

реакциялары жүргізілді. Синтез нәтижесінде балку температурасы 70-71°C (1*R*,2*S*,4*R*,5*R*)-2-((*R*)-(6-метоксихинолин-4-ил)(4-(пиридин-2-ил)-1*H*-1,2,3-триазол-1-ил)метил)-5-винилхиноклидин (**5**) өнімі 47% шығыммен алынды (схема 4).

УК (MeOH $c=6 \cdot 10^{-5}$ M) $\lambda_{\max}$ (log ϵ) 204 (1.013), 238 (1.051), 282 (0.314), 338 (0.144);

ИК (KBr), cm^{-1} : ν 2941.6, 2870.3 (C-H), 1703 (C=O), 1619, 1590 (C=C), 1508, 1472, 1455, 1433, 1377, 1364, 1302, 1258, 1239, 1227 (C-O), 1174, 1131, 1090, 1078, 977, 916, 879, 857, 831, 809, 789, 763, 717, 642, 610 cm^{-1} . МС, m/z m/z (I_{rel} , %): 498 $[\text{M}+\text{H}]^+$:



4 – схема. (1*R*,2*S*,4*R*,5*R*)-2-((*R*)-(6-метоксихинолин-4-ил)(4-(пиридин-2-ил)-1*H*-1,2,3-триазол-1-ил) метил)-5-винилхиноклидиннің алынуы

Үлгілердің қабынуға қарсы белсенділігі референттік препарат ретінде ак тұқымды егеуқұйрықтарда жедел экссудативті реакция (перитонит) үлгісінде зерттелді. Зерттеу нәтижелері 1 кестеде ұсынылған.

1 – кесте. Хинин алкалоидының туындылары мен салыстыру препараттарының қабынуға қарсы белсенділігін зерттеу нәтижелері

№	Зерттелінетін топтар	Доза, мг/кг	Экссудат саны, мл	Қабынған экссудат санының азайуы, %
1	Сынақ	-	6.5±0.5	100
2	Натрий диклофенак	8	4.0±0.8	38.4
3	2	25	4.5±0.9*	30.7
4	3	25	4.7±0.7	27.7
5	4	25	4.1±0.7*	36.9
6	5	25	5.9±0.7	9.2

Ескерту: * $p < 0,05$ - бақылаумен салыстырғанда

Тәжірибе нәтижесінде 25 мг/кг дозада (**4**), (**2**) және (**3**) қабынуға қарсы белсенділік көрсететіні анықталды, бұл бақылаумен салыстырғанда егеуқұйрықтардың құрсақ қуысындағы қабыну экссудат мөлшерінің с 36,9%, 30,7% және 27,7% төмендеуіне әкелді.

Сонымен қатар, (**4**) үлгісі қабынуға қарсы белсенділігі натрий диклофенак эталондық препаратымен ұқсас.

(5) үлгісі 25 мг/кг дозада жедел экссудативті реакция үлгісінде қабынуға қарсы белсенділікті көрсетпеді.

Қорытынды. Зерттеу нәтижесінде алғаш рет 2-((S)-(4-(4-фторфенил)-1H-1,2,3-триазол-1-ил) (7-метоксинафтаден-1-ил) метил) -5-винилхинуклидин; (1R,2S,4R,5R)-2-((R)-(4-(4-метоксифенил)-1H-1,2,3-триазол-1-ил) (6-метоксихинолин-4-ил)метил)-5-винилхинуклидин; 2-((R)-(6-метоксихинолин-4-ил)(4-фенил -1H -1,2,3-триазол -1-ил) метил) -5-винилхинуклидин және (1R,2S,4R,5R) -2- ((R) -(6-метоксихинолин -4-ил) (4-(пиридин-2-ил) -1H-1,2,3-триазол-1-ил)метил)-5-винилхинуклидин алкалоид туындылары сәйкесінше 25.6%, 35.5%, 7.8% және 47% шығыммен алынды. Және зерттеу нәтижесінде 2-((R)-(6-метоксихинолин-4-ил) (4-фенил-1H-1,2,3-триазол-1-ил)метил)-5-винилхинуклидин, 2-((S)-(4-(4-фторфенил)-1H-1,2,3-триазол-1-ил)(7-метоксинафтаден-1-ил)метил)-5-винилхинуклидин; (1R,2S,4R,5R)-2-((R)-(4-(4-метоксифенил)-1H-1,2,3-триазол-1-ил)(6-метоксихинолин-4-ил) метил)-5-винилхинуклидин және (1R,2S,4R,5R)-2-((R)-(4-(4-метоксифенил)-1H-1,2,3-триазол-1-ил)(6-метоксихинолин-4-ил)метил)-5-винилхинуклидин туындыларының бақылау препаратымен салыстырғанда егеуқұйрықтардың құрсақ қуысындағы қабыну экссудат мөлшерінің сәйкесінше 36,9%, 30,7% және 27,7% азайтып, қабынуға қарсы белсенділік көрсететіні анықталды.

Алынған нәтижелер зерттеу жүргізілген сала үшін практикалық маңызға ие және осыған сүйене отырып, қосымша зерттеулер үшін бірқатар ұсыныстар беруге болады. Қорытындылай келе, бұл мақала хинин алкалоидының фармакологиялық қасиеттерін зерттеуге маңызды үлес қосады және осы саладағы қосымша зерттеулерге негіз бола алады.

Әдебиеттер

Allotey-babington, Lovia & Amponsah, Seth & Netley, Thomas & Sasu, Clement & Netley, Henry. (2020) Quinine Sulphate Microparticles as Treatment for Leishmaniasis. *Journal of Tropical Medicine*. — P.1-9.

Große M., Ruetalo N., Layer M., Hu, D., Businger R., Rheber S., Setz C., Rauch P., Auth J., Fröba M., Brysch, E., Schindler M., & Schubert U. (2021) Quinine Inhibits Infection of Human Cell Lines with SARS-CoV-2. — *Viruses*, 13(4). — 647 p. <https://doi.org/10.3390/v13040647>

D'Acquarica I., & Agranat I. (2023) Widened scope of drug repurposing/chiral switches, elements of secondary pharmaceuticals: the quinine/quinidine case. *Future Drug Discovery*, 5(3). FDD 85. <https://doi.org/10.4155/fdd-2023-0006>

Jones Rachel A., Siva S. Panda, and C. Dennis Hall. (2015) “Quinine conjugates and quinine analogues as potential antimalarial agents.” *European journal of medicinal chemistry* 97. — P. 335-355. <https://doi.org/10.1016/j.ejmech.2015.02.002>

Latarissa I.R., Barliana M.I., Meiliana A., Sormin I.P., Sugiono E., Kartasasmitha C.B., Lestari K. (2023) Efficacy of quinine sulfate in patients with mild-to-moderate COVID-19: a randomized controlled trial. *The Indonesian Biomedical Journal*, 15(6) — P. 366-74.

Mohammadi, Mohammad Reza, and Elham Rezaei Niaraki (2023) “Antibacterial, antiviral, and antifungal activities of quinine and its derivatives: A narrative mini-review.” *Micro Nano Bio Aspects* 2.3. — P.1-6. <https://doi.org/10.22034/mnba.2023.399582.1034> (in English)

Mukusheva, G., Zhasymbekova, A., & Nurmaganbetov, Z. (2023) Synthesis and structure of new modified derivatives based on the quinine molecule and their biological activity. *Polish Journal of Chemical Technology*, 25(1). — P. 28-34. <https://doi.org/10.2478/pjct-2023-0005>

Остроумова О.Д., Кравченко Е.В., Кочетков А.И. (2019) «Дерілік заттардың индукциялаған тромбоцитопениясы». Клиническая фармакология и терапия; 28(4):56–64. DOI: 10.32756/0869-5490-2019-4-56-64

Solary, Eric, et al. (2003) "Quinine as a multidrug resistance inhibitor: a phase 3 multicentric randomized study in adult de novo acute myelogenous leukemia." *Blood* 102.4. — P. 1202-1210. <https://doi.org/10.1182/blood-2002-11-3419>

Szonja Polett Pósa, Gyula Dargó, Sándor Nagy, Péter Kisszékelyi, Zsófia Garádi, Lilla Hámori (2022) Cytotoxicity of cinchona alkaloid organocatalysts against MES-SA and MES-SA/Dx5 multidrug-resistant uterine sarcoma cell lines//*Bioorganic & Medicinal Chemistry*, Volume 67, <https://doi.org/10.1016/j.bmc.2022.116855>.

Khabriev R. U. (2005) Guide to experimental pharmacological substances. Publishing House "Medicine 832p. (in Russian)

Huang C. et al. (2020) Clinical features of patients infected with 2019 novel coronavirus in Wuhan, China *The lancet*. — T. 395. — №. 10223. — C. 497-506.

Xiao-Fei Shang, et al. (2018) "Biologically active quinoline and quinazoline alkaloids part I." *Medicinal research reviews* 38.3: 775-828, <https://doi.org/10.1002/med.21466>

Xiao-Fei Shang, Susan L. Morris-Natschke, Guan-Zhou Yang, Ying-Qian Liu, Xiao Guo, Xiao-Shan Xu, Masuo Goto, Jun-Cai Li, Ji-Yu Zhang, Kuo-Hsiung Lee (2018) Biologically active quinoline and quinazoline alkaloids part II, *Medicinal Research Reviews*, 38. — 5 p. (1614-1660), <https://doi.org/10.1002/med.21492>

References

Allotey-babington, Lovia & Amponsah, Seth & Nettey, Thomas & Sasu, Clement & Nettey, Henry. (2020) Quinine Sulphate Microparticles as Treatment for Leishmaniasis. *Journal of Tropical Medicine* — P.1-9. (in English)

Große M., Ruetalo N., Layer M., Hu, D., Businger R., Rheber S., Setz C., Rauch P., Auth J., Fröba M., Brysch, E., Schindler M., & Schubert U. (2021) Quinine Inhibits Infection of Human Cell Lines with SARS-CoV-2. — *Viruses*, 13(4). — 647 p. <https://doi.org/10.3390/v13040647> (in English)

D'Acquarica, I., & Agranat, I. (2023) Widened scope of drug repurposing/chiral switches, elements of secondary pharmaceuticals: the quinine/quinidine case. *Future Drug Discovery*, 5(3). FDD 85. <https://doi.org/10.4155/fdd-2023-0006> (in English)

Jones, Rachel A., Siva S. Panda, and C. Dennis Hall. (2015) "Quinine conjugates and quinine analogues as potential antimalarial agents." *European journal of medicinal chemistry* 97. — P. 335-355. <https://doi.org/10.1016/j.ejmech.2015.02.002> (in English)

Latarissa I.R., Barliana M.I., Meiliana A., Sormin I.P., Sugiono E., Kartasasmita C.B., Lestari K. (2023) Efficacy of quinine sulfate in patients with mild-to-moderate COVID-19: a randomized controlled trial. *The Indonesian Biomedical Journal*, 15(6) —P. 366-74. (in English)

Mohammadi, Mohammad Reza, and Elham Rezaei Niaraki. (2023) "Antibacterial, antiviral, and antifungal activities of quinine and its derivatives: A narrative mini-review." *Micro Nano Bio Aspects* 2.3. — P.1-6. <https://doi.org/10.22034/mnba.2023.399582.1034> (in English)

Mukusheva, G., Zhasymbekova, A., & Nurmaganbetov, Z. (2023) Synthesis and structure of new modified derivatives based on the quinine molecule and their biological activity. *Polish Journal of Chemical Technology*, 25(1). — P. 28-34. <https://doi.org/10.2478/pjct-2023-0005> (in English)

Ostroumova O.D., Kravchenko E.V., Kochetkov A.I. (2019) Lekarstvenno-indutsirovannaya trombotsitopeniya [Drug-induced thrombocytopenia]. *Clin Pharmacol Ter*; 28(4):56-64. DOI 10.32756/0869-5490-2019-4-56-64 (in Russian)

Solary, Eric, et al. (2003) "Quinine as a multidrug resistance inhibitor: a phase 3 multicentric randomized study in adult de novo acute myelogenous leukemia." *Blood* 102.4. — P. 1202-1210. <https://doi.org/10.1182/blood-2002-11-3419> (in English)

Szonja Polett Pósa, Gyula Dargó, Sándor Nagy, Péter Kisszékelyi, Zsófia Garádi, Lilla Hámori (2022) Cytotoxicity of cinchona alkaloid organocatalysts against MES-SA and MES-SA/Dx5 multidrug-resistant uterine sarcoma cell lines//*Bioorganic & Medicinal Chemistry*, Volume 67, <https://doi.org/10.1016/j.bmc.2022.116855>. (in English)

Taube A.A. (2022) Aspekty bezopasnogo ispol'zovaniya rastitel'nykh lekarstvennykh sredstv vo vremya COVID-19 [Aspects of the safe use of medicinal products based on medicinal plant materials in COVID-19]. *Real-World Data & Evidence*.;2(1):28-35. <https://doi.org/10.37489/2782-3784-myrwd-9> (in Russian)

Khabriev R. U. (2005) Guide to experimental pharmacological substances. Publishing House "Medicine 832p. (in Russian)

Huang C. et al. (2020) Clinical features of patients infected with 2019 novel coronavirus in Wuhan, China *The lancet*. — T. 395. — №. 10223. — C. 497-506. (in English)

Xiao-Fei Shang, et al. (2018) "Biologically active quinoline and quinazoline alkaloids part I." *Medicinal research reviews* 38.3: 775-828, <https://doi.org/10.1002/med.21466> (in English)

Xiao-Fei Shang, Susan L. Morris-Natschke, Guan-Zhou Yang, Ying-Qian Liu, Xiao Guo, Xiao-Shan Xu, Masuo Goto, Jun-Cai Li, Ji-Yu Zhang, Kuo-Hsiung Lee (2018) Biologically active quinoline and quinazoline alkaloids part II, *Medicinal Research Reviews*, 38. — 5 p. (1614-1660), <https://doi.org/10.1002/med.21492> (in English)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайтах:

www.nauka-nanrk.kz

<http://chemistry-technology.kz/index.php/en/arhiv>

ISSN 2518-1491 (Online), ISSN 2224-5286 (Print)

Директор отдела издания научных журналов НАН РК *А. Ботанқызы*

Редакторы: *Д.С. Аленов, Ж.Ш. Әден*

Верстка на компьютере *Г.Д. Жадырановой*

Подписано в печать 20.06.2025.

Формат 60x88¹/₈. Бумага офсетная. Печать – ризограф.

13,5 п.л. Заказ 2.

*Национальная академия наук РК
050010, Алматы, ул. Шевченко, 28, т. 272-13-19*